

Хаттама № 3

27.11.2024 жылы тамақтың сапасын қадағалау комиссиясының отырысы болып өтті.

Қатысканы: 4

Күн тәртібінде:

1. Мектеп асханасының тазалығы.
2. Азық-түліктерді уақытылы пайдалану және олардың сақталу мерзімі.
3. Тамақтарды тоңазытқышта, қоймаларда, мұздатқыш камераларда сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимі.
4. Перспективалық мәзірдің және күн сайынғы мәзірдің, дайындалған астардың сәйкестігі.
5. Қызметкерлердің қызметтік формаларының талап сай болуы.

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог: А. Асқарова

Мектеп асханасының тазалығы, оқушылардың тамақтану тәртібі күнделікті, үнемі тексеріліп отырады. Аптаның 5-ші күні асханаға ас блогына толық тазалау жұмысы жүргізіледі. Тоңазытқыштар жұмыс жасап тұр. Асхана пеші жұмыс жасап тұр. Асханаға су (салқын, жылы) келіп тұр. 2018 ж 31 қазан № 598 бұйрықтың 43 – тармағының 4-тармақшасы бойынша оқушы санына қарай 5 қызметкер (1 асхана меңгерушісі, 1 аспаз, 1 наубайшы, 2 асхана қызметкері) жұмыс жасайды.

Сөйлеу:

А.Тажмаганбетова

Мектеп асханасының толық жөндеуді қажет ететіндігі үнемі ескертіліп келеді. Ас әзірлейтін блоктардың жай - күйінің талапқа сай еместігі туралы тиісті орындарға хабарланып, хат жолданды. Асхана мүліктері кәсіпкер тарапынан жеткізіліп, толықтырылып жатыр. Асхана мүліктерін күтіп ұстау өте маңызды. Күтіп ұсталған құралдармен тамақ дайындау, тамақтану қауіпсіз әрі денсаулыққа зиянсыз болады. Ұзақ уақыт бойы сапасын сақтап, қызмет көрсетуіне ықпал етеді.

Ж. Жанайысова

Ас мәзірі, сыныптардың тамақтану кестесі бар. Бастауыш, орта және жоғарғы буын сыныптарының тамақтану мерзімі қойылып ережесі сақталған. Тексеру кезінде ас мәзірі оқушыларға берілетін ас мәзіріне сәйкес әзірленген.

Ұсыныс: Асхана қызметкерлерінің ас дайындау блогындағы мүліктерді (столдарды) күтіп пайдалануы.

М. Әженова

Асхана тазалығы, тамақ берілісі жақсы. Тамақ сапасын, құрамын үнемі тексеріп отырамын. Асхана қызметкерлерінің денсаулығын үнемі бақылап отырамын. Қоймадағы шикі өнімдердің орналасуы ережеге сай. Тоңазытқыштағы тамақтар мерзімі көрсетіліп таңбаланған.

Қаулы:

1. Тамақтың сапасын, құрамын қадағалау медбике мен әлеуметтік педагогқа міндеттелсін.
2. Ұсыныстар қаперге алынсын.

Жиналыс төрайымы:  А.Тажмаганбетова

Жиналыс хатшысы: А. Асқарова